

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Гуманитарлық факультет

Филология кафедрасы



Ректор _____

Ш.А.Курманбаева

«23» *сәуір* 2021 ж.

ABU ректорының арнайы грантын тағайындауға арналған «Тұғырлы 30 жыл» тақырыбындағы «Ағылшын тілі» пәні бойынша 11 сынып оқушылары арасында өтетін аймақтық пәндік олимпиада

ЕРЕЖЕСІ

Семей қаласы, 2021 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Аймақтық олимпиада «Alıkhān Bokeıkhān University» БММ қолдауымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздікке 30 жыл» аясында ABU ректорының арнайы грантын тағайындауға арналған Филология кафедрасының ұйымдастырылуымен өткізіледі.

- 1.1** Олимпиадаға аудандық барлық орта білім беретін мектеп мекемелерінің ІІ сынып оқушылары қатыса алады.
- 1.2** Олимпиаданың негізгі міндеттері:
 - жоғарғы сынып оқушыларын гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеушілік және шығармашылық жұмысқа тарту;
 - оқушыларды ғылыми зерттеушілік жұмысқа гуманитарлық ғылымдарды оқыту және инновациялық технологияларды қолдануды біріктіретін интеграцияланған бағыт негізінде жүйелі тарту;
 - оқушының оқу орнында оқуы үшін алдын ала кәсіби дайындығын дамыту;
 - оқушының бойында гуманитарлық мәдениет, жаһанды мәселелерге белсенді көзқарас қалыптастыру;
- 1.3** Сайысты әзірлеу ұйымдастыру жұмысын, сайысқа ұсынылған жұмыстарды бірыңғай түрде жеке талапқа сай болуын қадағалау мақсатында сайыстың кезеңдерін жүйелеу ABU -дің сайтына енгізіледі abu.edu.kz.
- 1.4.** Олимпиаданы ұйымдастырушы Филология кафедрасы болып табылады.

2. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- 2.1.** Олимпиада қатысушылары аудандық жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары болып табылады.
- 2.2.** Олимпиадаға қатысу үшін жіберуші тарап (жалпы орта білім беретін мектеп КММ) ІІ сынып оқушылары құрайды.
- 2.3.** Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

3. ОЛИМПИАДАНЫҢ ӨТЕТІН УАҚЫТЫ

- 3.1.** Олимпиада 2021 жылғы 6-11 желтоқсан күндері аралығында өткізіледі.

4. ОЛИМПИАДАНЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ

- 4.1.** Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету үшін арнайы ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті Қатысушылар тарапынан түсетін материалдарды қабылдауды қамтамасыз

етеді, олимпиаданың тапсырмаларын әзірлейді, олимпиада алқасын ұйымдастырады, қатысушыларға олимпиада тапсырмаларының тақырыбы жайында хабарлайды, оны өткізу қорытындылары туралы хабарлама дайындайды және т.б.

4.2. Өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша Олимпиадаға қатысушылар Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті атынан Олимпиаданың шақырту қағазын және бағдарламасын алады.

4.3. Қатысуға өтінім Филология кафедрасына (erowkan@mail.ru) **01 желтоқсанға дейін** формаға сәйкес өтінім жолдануы тиіс (№1 қосымша abu.edu.kz сайтында тіркелу керек).

№1 қосымша

Олимпиадаға қатысуға өтінім формасы

№	Қатысушының толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша	Аудан, қала, ауыл және мектептің атауы	Таңдау пәндері	Пәндік мұғалімінің толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша

4.4. Олимпиада екі кезеңнен тұрады.

- **I кезеңде** - Ағылшын тілі пәнінен лексико-грамматикалық тест.
- **II кезеңде** – Ағылшын тілінде Speaking және эссе жазу.

4.5. Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың барлық шарттарын бағалау үшін 3 мүшеден тұратын қазылар алқасын құрайды. Қазылар алқасын ұйымдастыру комитеті сайлаған Олимпиада алқасының төрағасы басқарады.

I кезең Семей қаласында және аудан орталықтарында өтеді.

Қорытынды II кезең Семей қаласында университет ғимаратында өтеді.

4.6. Олимпиаданың бірінші кезеңінде қатысушы:

4.6.1. Ағылшын тілі пәнінен 50 лексико-грамматикалық сұрақтардан тұратын тест тапсыруы қажет. Аталған тапсырмаға барлығы 40 минут уақыт беріліп, әр дұрыс жауапқа 1 баллдан есептелетін болады. Бірінші кезең үшін берілетін максималды балл – 50 балл.

Ескерту:

- 1) Қатысушы тесттен тек 1 рет қана өте алады, қайта тестті өту ұйымдастырушылар тарапынан қабылданбайды;
2. Қатысушы тестті бір рет қана орындай алады.
3. Тестілеу уақыты әр қатысушы үшін жеке, тестті бастаған уақытынан басталады.

4.7 Олимпиаданың екінші кезеңінде қатысушы:

Екінші кезеңге іріктелген жұмыстардың авторлары сайыстың финалдық кезеңіне өту үшін арнайы шақыру алады. Сайыстың финалына жолдама алған қатысушы міндетті:

- сайыстың қорытындысы белгіленген уақытта келуі;
- сайыстың екінші кезеңі **Speaking** және **эссе жазу** деген екі бөлімнен тұрады. Бұл екінші кезеңде қатысушылар таңдалған мамандық пәнінен **Speaking** бөліміне қатысуға және эссе жазуға міндетті (**Эссе** – бұл оқытушы ұсынған тақырып бойынша өзіндік жазбаша жұмыс);

Екінші кезеңнің **Speaking бөлімінде** қатысушы мен олимпиада өткізушісі арасында екі бағытта әңгіме өрбиді:

Бірінші – қатысушы ағылшын тілінде өзін-өзі таныстырғаннан кейін оған отбасы, мектептегі өмір, үй, жұмыс, хоббилер жайында жалпылама сұрақтар қойылатын болады. (4-5 минут беріледі).

Екінші – қатысушыға арнайы бір тақырып жазылған карточка беріледі. Тақырыпқа дайындалуға 1 минут уақыт беріледі. Келесі 3-4 минутта қатысушы карточкада көрсетілген тақырып аясында әңгіме өрбіте отырып өз ойын білдіруі тиіс. Әңгіме соңында қатысушыға тақырыпқа қатысты бірнеше сұрақтар қойылуы мүмкін.

Екінші кезеңнің **эссе жазу бөлімінде** қатысушыға арнайы ұсынылған тақырыпта 250-300 сөзден тұратын эссе жазуы керек болады. Аталған жазбаша жұмысқа барлығы 40 минут уақыт беріледі. Қатысушы жазған эссе *Evaluation Criteria* бойынша бағаланып, бұл тапсырмаға максималды қойылатын балл – 10 болады.

Эссе жазу тапсырмасының мақсаты: жеке шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту және өзіндік ойларын жазбаша мазмұндау.

Эссе мазмұны:

- қойылған мәселенің мәнісін ашу, тақырыпты нақты мазмұндау;
- берілген тақырып аясында қаралатын аталған мәселені концепция және талдау құралдарын пайдалану арқылы өзіндік талдау жүргізуді қосу;
- берілген мәселеге автор көзқарасының қорытындыларын түйіндеу.

Эссе құрылымы келесідей болуы шарт:

1. Кіріспе бөлімі–қатысушы берілген тақырыптың мәнісін аша отырып қысқаша өз ойын пайымдауы керек.
2. Негізгі бөлім –қатысушы эссе тақырыбы аясында өз ойын тереңірек өрбіту арқылы мәселенің теориялық негізін мазмұндауы және қажетті дәйек-дәлелдерді келтіруі тиіс. Бұл бөлім кемінде 2 және ең көп дегенде 5 абзац құрауы керек.
Бұл бөлім талдау мен дәйектеуді дамытуды көздейді. Сондай-ак бар мәліметтерді негіздеу. Дәйектемелердің құрылымдауы негізінде, тараулардың аты маңызды мәнге ие; Нақ осы жерде дәйектемелерді негіздеу қажет (мәліметтер мен тұжырымдарды қолдана отырып логикалық түрде).
3. Қорытынды – қатысушы эссе тақырыбы бойынша ойын түйіндеп, дәйектелген қорытындылар беруі керек. және т.б. Яғни, негізгі бөлімде мазмұндалғанойды тағы бір рет түсініктейді немесе эссені қорытындылайды. Қорытындыда, шығармада айтылған мәселелер мен өзара байланысты ақпаратты жоққа шығармайтынәрі эссені толықтыратын өте маңызды элемент болуы мүмкін.

5. ОЛИМПИАДАНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

5.1. Олимпиаданың түпкілікті нәтижелері қазылар алқасының қорытынды отырысында шығарылады.

5.2. Олимпиаданың нәтижелерін жариялау және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі қазылар алқасы жұмысын аяқтаған соң жүзеге асырылады.

Университет ректоры олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған оқушыларға төмендегідей жеңілдіктер ұсынады:

Пән	1 орын	2 орын	3 орын
Тарих	ABU ректорының	50% оқу	25 % оқу ақысына

	гранты – 100 % жеңілдік	акысына жеңілдік	жеңілдік
--	----------------------------	---------------------	----------

5.3. Олимпиадаға қатысқан барлық оқушылар «Қатысушы дипломымен» марапатталады.

5.4. Олимпиада жеңімпаздарына арнайы жүлде қоры бекітілген I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі.

6.БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Сайысты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ақпараты университеттің abu.edu.kz сайтында орналасады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Шмидта көшесі, 44, Alikhan Bokeikhan University, Гуманитарлық факультет.

Координаторлар:

Ағылшын тілі:

Изатова А.Б. +7 705 327 22 11, email: almira201075@mail.ru

Жолдыханова А.С. +7 702 113 77 35, email: zholdykhanova@bk.ru